

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін өтеусіз көмегін пайдаланудың шарттары туралы хаттар алмасу нысанындағы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 тамыздағы N 864 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін өтеусіз көмегін пайдаланудың шарттары туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер вице-министрі Мұхтар Бескенұлы Тілеубердіге Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін өтеусіз көмегін пайдаланудың шарттары туралы хаттар алмасу нысанындағы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қ ы т а й	Х а л ы қ	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Қ а з а қ с т а н		Р е с п у б л и к а с ы н д а ғы
Т ө т е н ш е	ж әне	Ө к і л е т т і Е л ш і с і

Яо Пэйшэнь мырзаға

Жоғары Мәртебелі,

Осымен Сіздің 2003 жылғы "___" тамыздағы мынадай мазмұндағы хатыңызды алғанымды растауды өзіме мәртебе санаймын:

"Осымен Қытай Халық Республикасының Үкіметі атынан Тараптар достастық келіссөздері нәтижесінде мына төмендегілер туралы келіскендігін растауды өзіме мәртебе санаймын:

1. Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында қол жеткізілген уағдаластықтар негізінде Қытай Халық Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Қостанай облысының телекоммуникация жүйесін қайта жаңартуды өзіне алады.

2. Қытай тарапы объектіні зерттеу мен жобалау және Қостанай қаласына телекоммуникация жабдықтарын беру мен жеткізу мәселелерін өзіне алады және орнату мен техникалық оқыту жұмыстарын орындау үшін Қазақстан Республикасына қажетті мамандар жібереді. Бұл ретте оларға арналған шығыстар Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 2001 жылғы 12 қыркүйектегі және 2002 жылғы 14 қаңтардағы алмасу хаттарында көзделген өтеусіз көмек есебінен жабылатын болады.

3. Қазақстан тарапы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоғарыда аталған жобаны іске асыру үшін жеткізілген жабдықтар мен материалдарды (акцизделуге жататынын қоспағанда) салықтар мен алымдардан босату жөнінде шаралар қабылдайды, сондай-ақ Қостанай қаласына жабдықтар жеткізілгеннен кейін жүкті кедендік тазалау, қабылдау және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдау жөніндегі шарттылықтарды өзінің есебінен орындайды.

4. Жоғарыда аталған жобаны іске асыру туралы барлық нақты мәселелер екі ел үкіметтерінің әрқайсысы тағайындаған уәкілетті органдар арасында жасалатын жекелеген Шартпен реттелетін болады.

Егер Сіз жоғарыда баяндалғандарды жауап хатпен растайтын болсаңыз, онда осы хат пен Сіздің жауап хатыңыз Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін өтеусіз көмегін пайдаланудың шарттары туралы келісім болып есептеледі, ол қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. "

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жоғарыда баяндалғандардың мазмұнымен келісетінімді және осы жауап хат пен Сіздің хатыңыз Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін өтеусіз көмегін пайдалану шарттары туралы келісім болып есептелетінін растауды өзіме мәртебе санаймын, ол қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, өзімнің Сізге деген терең құрмет сезімдерімді тағы да сендіремін.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер вице-министрі*

Мұхтар Тілеуберді

Астана қаласы, 2003 жылғы "___"

тамыз